

**«ЕРКЕНАЗ» БӨБЕКЖАЙ -
БАЛАБАҚШАСЫ**

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ



ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
**ДЕТСКИЙ ЯСЛИ – САД
«ЕРКЕНАЗ»**

160400 Кентау қ, Абай даңғылы, 15^Б үй
Тел: 8 (72536) 3-41-17.
E-mail: erkenazbalabaqsha@mail.ru



160400 г.Кентау проспект Абая, дом 15^Б
Тел: 8 (72536) 3-41-17.
E-mail: erkenazbalabaqsha@mail.ru

№ _____

« _____ » _____ 2022 ж

**Түркістан облысы бойынша
жеке балабақша меңгерушілеріне**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер және ұстаздар!

«Еркеназ» бөбекжай-балабақшасы, дуальді оқыту жүйесі негізінде қызмет атқарып жатқан Кентау гуманитарлық техникалық колледжі және Қазақстандық үздіксіз білім беру Қауымдастығының Түркістан облысы бойынша филиалының бірлесе ұйымдастыруымен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы ізденістер мен технологиялар» атты ғылыми-әдістемелік семинар өткізеді. Семинарға мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінде еңбек етіп жатқан барлық педагог-тәрбиешілер, әдіскерлер, педагог-психолог мамандар, ғалымдар, осы саладағы ЖОО-ның оқытушы-профессорлары мен магистранттары шақырылады.

Семинардың мақсаты: Елімізде мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу саласындағы сапалы білім беру мәселелерін зерделеу және талқылау.

Ғылыми-әдістемелік семинар 2 секцияда жұмыс атқарады.

- 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудегі жаңа технологиялар мен ізденістердің ғылыми-әдістемелік сипаттамасы.** (секция жұмысында қазіргі заманғы жаңашыл педагогикалық ізденістер мен озық педагогикалық технологияларға теориялық талдау жасалып, тиімділігі негізделеді).
- 2. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен білім берудің әдіс-тәсілдерін қолдану тәжірибесі.** (Секция жұмысында семинарға қатысушы педагог өз тәжірибесімен бөліседі. Алдын ала сарапшыларға жіберілген материалдар бойынша білім беру мен тәрбиелеудегі заманауи әдіс-тәсілдер қолданылған, жаңашыл педагогикалық идеяларға негізделген «мастер-класс», «дөңгелек стол» «пресс-конференция» формаларындағы сабақтарын қорғайды. Материал айғақты болу үшін нақтылы суреттер, бейнетаспа материалдарымен дәлелденуі тиіс).

Ғылыми-әдістемелік семинарға жіберілген материалдар сараптамадан өткізіліп, іріктеліп алынған әдістемелік еңбек, әзірлемелер (статья, баяндамалар) арнайы жинаққа енгізіліп, баспадан шығарылады. Семинарға қатысып материалы жинаққа енген қатысушыларға **сертификат** беріледі. Басқа қатысушылар семинар жұмысына онлайн форматта ZOOM бағдарламасы арқылы қатыса алады.

Идентификациялық нөмір: 784 6633 5898
Пароль: 123456

Ғылыми-әдістемелік семинардың өтетін орны: «Еркеназ» бөбекжай-балабақшасы, Түркістан облысы, Кентау қаласы, Абай даңғылы 15Б.

Семинардың өткізілу мерзімі: **3 маусым 2022 жыл.**

Мақаланы, семинарға ұсынылған әдістемелік материалдарды қабылдау: 2022 жылдың 20 мамырына дейін. Үйлестіруші: Ахматова Севара, тел.8747 505 00 96, rakhmet.58@mail.ru

Семинарды өткізудің ресми тілі: қазақ, орыс тілдері.

Семинарға қатысу жарнасы: 2500 теңге. Жарнаны Kaspi Gold: 8 747 505 00 96 нөмірі бойынша аударуға болады. Төлем түбіртегі семинарға келгенде қолма-қол немесе WhatsApp арқылы беріледі.

Мақаланы, семинарға ұсынылатын әдістемелік материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Материалда (мақалада) автор жүргізген жұмыстың сипаты, мазмұны және нәтижесі туралы мәлімет анық, нақты көрініс беруі тиіс. Мақаланың мазмұны мен жіберілген қателерге автордың өзі жауап береді.

- Материалдың көлемі 5 - 7 бет.
- Шрифт: қаріп түрі– KZ Times New Roman, кегль – 14, жалаң жоларалық интервал - 1,0; абзац – 1,25 см.
- Азат жол: жоғарғы және төменгі – 20 мм, сол жағы – 30 мм, оң жағы – 15 мм.
- Баяндама атауы – бас әріптермен, «туралау» – ортасы бойынша.
- Төменірек оң жиек бойынша бір азат жолдан соң: автордың аты-жөні – курсивпен, жартылай қою қаріппен жазылады. Келесі жолда симметриялық түрде оң жиектен курсивпен – қызметін (лауазымы), мекеме атауын, ғылыми дәрежесін көрсету керек, келесі жолда симметриялық түрде –қаласын(ауылды) және электрондық адресін көрсету қажет.
- Мәтіндегі сілтемелер тізімдегі дереккөздердің(әдебиеттердің) реттік нөмірі және үтір арқылы парақ нөмірі көрсетілген тік бұрышты жақшалармен белгіленеді, мысалы: [4,89 б.].
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мәтін соңында жазылады және бос жол арқылы бөлінеді.
- Тырнақшалар «» белгісімен белгіленеді; көрсетілген даталардағы ғасырлар – рим цифрымен, жыл – араб цифрымен жазылады.

Ғылыми-әдістемелік семинарға қатысушылар өтінімді **2022 жылдың 20 мамырына** дейін мынадай үлгіде жіберуі тиіс.

**Ғылыми-әдістемелік семинарды
ұйымдастырушыға**

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы ізденістер мен технологиялар» атты
ғылыми-әдістемелік семинарға қатысуға
ӨТІНІМ**

№	Қатысушының аты-жөні	Қызметі	Мекеме атауы	Байланыс телефоны

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ:

160400, Түркістан облысы, Кентау қаласы,
Абай даңғылы 15Б, 8(752 36) 3-41-17, 8 707 623 67 20
Эл.пошта: rakhmet.58@mail.ru